

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2015 жылға арналған су беру жөніндегі субсидия көлемін айқындау туралы

Алматы облысы әкімінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 5-5 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 18 маусымда № 3237 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 4 сәуірдегі № 237 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қағидаларының 8-тармағына сәйкес Алматы облысы әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2015 жылға арналған су беру жөніндегі субсидия көлемдері осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Е.Шинтуринов) жергілікті бюджеттен субсидиялауды жүзеге асырсын.

3. "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2014 жылға арналған су беру жөніндегі субсидия көлемін айқындау туралы" облыс әкімінің 2014 жылғы 2 маусымдағы № 2-6 (2014 жылғы 11 маусымда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2746 тіркелген және 2014 жылғы 14 маусымдағы № 69 "Жетісу" және "Огни Алатау" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет – ресурста және облыс әкімдігінің интернет – ресурсында жариялау жүктелсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Бескемпіровке жүктелсін.

6. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Баталов

Облыс әкімінің 2015 жылғы "18" мамыр "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2015 жылға арналған су беру жөніндегі субсидия көлемін айқындау туралы" № 5-5 шешіміне қосымша

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2015 жылға арналған су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау көлемдері

№ рс	Аудан, қала атаулары	Берілетін су көлемі, миллион текше метр	Жоспарланған субсидия көлемі, теңге
1	Алакөл	80,7	3 128 564
2	Балқаш	519,5	38 664 796
3	Еңбекшіқазақ	243,9	5 374 161
4	Ескелді	0,4	146 835
5	Жамбыл	24,6	179 568 437
6	Іле	22,6	1 699 370
7	Қарасай	4,0	257 451
8	Қаратал	156,0	10 613 944
9	Көксу	55,2	3 052 210
10	Панфилов	280,0	14 683 500
11	Сарқан	105,2	3 710 031
12	Талғар	10,7	1 174 680
13	Ұйғыр	26,7	1 468 350
14	Қапшағай	50,5	235 565 433
15	Талдықорған	2,5	892 238
Облыс бойынша, барлығы:		1582,5	500 000 000